

КОЛЛЕДЖДІҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ТАҚЫРЫБЫ:

«Action research пен Lesson study тәсілдерін жаңа білім мазмұнында қолдану кәсіби даму мен сапалы нәтиже кепілі ретінде педагогтердің дербес практикасын жетілдіру және басқа педагогтермен тәжірибе алмасу»

Әдістемелік проблеманың негізгі кезеңдері:

1. Action research пен Lesson study тәсілдерін қолданудың ғылыми – теориялық негіздерін зерделеу, пайымдау және практикада жүзеге асыру арқылы оқыту мен оқуды жетілдіру (2020-2021 жж.).
2. Action research пен Lesson study тәсілдерін қолдануды жетілдіру негізінде педагогтердің кәсіби дамуы мен білім сапасының нәтижесін теориялық – практикалық жағынан пайымдау (2021– 2022 жж.).
3. Action research пен Lesson study тәсілдерін жұмыстарының нәтижелілігіне талдау жүргізу және НИМ педагогтерімен кері рефлексия жасау. (2022 – 2023 жж.).
4. Action research пен Lesson study тәсілдерін жаңа білім мазмұнында қолдану практикасын жетілдіру және қала және республикалық деңгейінде ТКББ жүйесінің педагогтерімен тәжірибе алмасу (2023-2024 жж.).
5. Action research пен Lesson study тәсілдерін жаңа білім мазмұнында қолдану практикасын жетілдіру және республикалық және халықаралық деңгейде педагогтер қауымдастығымен тәжірибе алмасу және нәтижесіне мониторинг жүргізу (2024-2025 жж.).

Тақырыптың өзектілігі:

Бүгінгі күні еліміздің білім беру саласы түбегейлі өзгерістерді бастан кешіруде. Жаңарған білім мазмұны бойынша жұмыс жасау арқылы білім саласын жаңа бағытта дамыту, білім беру жүйесін жаңа экономикалық ортаға бейімдеу, білім алушылардың оқу жетістіктерін арттыру және оқыту әдістемесін жетілдіру мақсаты көзделіп отырғаны баршаға аян. Осы орайда әлемдік білім жүйесінің озық тәжірибелерін зерделеп, мақсатты түрде қолданудың маңызы өте зор. Бүгінгі таңда алдыңғы қатарлы инновациялық жаңа идеялардың тоғысуы арқылы білім беруде бәсекеге қабілетті болып отырған білім ордалары Назарбаев Зияткерлік мектептерінде оқыту әдістемесі мен мұғалімнің кәсіби шеберлігін дамыту бағытында кеңінен қолданылып жүрген тәсілдер - Lesson Study/ сабақты зерттеу және Action research/ іс –әрекетті зерттеу әдістері болып табылады. Бұл педагогикалық әдістер сабақтағы іс-әрекетті ерекше үлгіде зерттеу нәтижесінде педагог тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіре отырып, білім алушылардың оқу жетістіктерінің сапасын арттыруға бағытталатындығымен ерекшеленеді.

Педагогтердің кәсіби қауымдастығын құруға мүмкіндік береді және педагогикалық құрамның кәсіби біліктілік деңгейін арттыруға үлкен серпіліс береді.